

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.11.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/110505/>

Тәуелсіздік таңында Қазақстан Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев жариялаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл және ымырасыз күрес бағыты Қазақстанның қазіргі заманғы тарихында республиканың қарсы саясатының негізгі мәнін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының базалық бағыттары Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» Стратегиясында, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы тежеу міндеттерін іске асыру арқылы нақты құрылған.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтудың нысаналы бағыттарына қол жеткізу алгоритмі Қазақстанның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында белгіленген, ол бүгінгі күні жемқорлыққа қарсы жоспарлаудың көп деңгейлі жүйесіндегі басты бағдарламалық құжат болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асырудың бірінші кезеңі табысты аяқталды, бұл оны орындаудың алғашқы қорытындыларын ұғыну қажеттілігін өзектендіреді. Бұл 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талаптары тұрақты әзірлеуге негіз болатын осы жыл сайынғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық баяндамада өз көрінісін тапты.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу қағидаларын бекіту туралы» Павлодар облысында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы семинар-кеңес өткізілді. Семинар-кеңесін Павлодар облысындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы Н.А.Набиев, және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің мүшесі К.О.Кунадилованың қатысуымен өтті. Семинар барысында заңнама талаптары түсіндіріліп, жемқорлықпен күресті күшейту, «құқық бұзушылыққа төзбеушілік»

қағидасын сақтау, жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру шаралары бойынша мағлұматтар берілген.

Осы ұлттық баяндаманың мақсаты 2017 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық шараларды әзірлеуге шыға отырып, Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, жай-күйі мен таралу деңгейін объективті талдау болып табылады.

Пайдаланылған дереккөздер:

<https://stat.gov.kz>

<https://adilet.zan.kz>

<https://zgazeta.kz>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.